



“MADENI MURA”  
MEMLEKETTIK BAQDARLAMASYNYŇ KITAPl SERIYALARY  
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ  
TUNFYSH PREZIDENTI NURSUQTAN NAZARBAEVTYŇ  
BASTAMASY BOYBYNSHA SHYFARYLDY

ASTANA  
2009

“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

---

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы  
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы  
Абдрахманов С.  
Аяған Б.Ғ.  
Әбусейітова М.Қ.  
Әжіғали С.Е.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Биекенов К.Ү.  
Бұрханов К.Н.  
Досжан А.Д.  
Ертісбаев Е.Қ.  
Есім Ғ.  
Қасқабасов С.А.  
Қошанов А.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Салғара Қ.  
Самашев З.  
Сариева Р.Х.  
Сейдімбек А.С.  
Сұлтанов Қ.С.  
Тұяқбаев Қ.Қ.  
Түймебаев Ж.Қ.  
Хұсайынов К.Ш.  
Шаймерденов Е.

---

---

---

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ  
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ  
ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯ**

**ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ИСЛАМ-ТҮРІК  
ЖӘНЕ ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ БАТЫС  
ФИЛОСОФИЯСЫ**

---

---

---



УДК1/14  
ББК87.3  
О72

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Ғылыми редакторы **Қ.Әбішев**  
Құрастырушылар **Қ.Әбішев, М.Сәбит, Б.Рақымжанов**

**О72** Орта ғасырлық Ислам-түрік және Жаңа дәуірдегі  
батыс философиясы.  
Астана: Аударма, 2009. – 376 бет.

ISBN 9965-18-284-1

О  $\frac{0301030000}{00(05)09}$

УДК1/14  
ББК87.3

ISBN 9965-18-284-1

© Қ.Әбішев, 2009.  
© “Жазушы” баспасы, 2009.  
© “Аударма” баспасы, 2009.

---

### АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітап ортағасырлық философияның ең көрнекті екі өкілінің – Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) және Әбу Әли Ибн Синаның (980-1037) мұрасына арналған. Философиялық дәстүр оларды тарихи-философиялық ойдың аса маңызды бағыттарының бірі – шығыс перипатетизміне жатқызады. Ал бұл бағыттың бастапқыда ортағасырлық батыс-еуропалық философияға, кейінірек сол арқылы Қайта өрлеу және Жаңа заман философиясына ықпал еткендігі белгілі.

Араб-мұсылмандық Шығыста ортағасырлық философия дамуының айрықша айырмашылығы оның дінмен тығыз байланысында, діни дүниетанымның қойнауында дамуында болды. Жалпы дінге, оның тарихына және оның ішінде еліміз тарихи тұрғыда оның таралу аймағына кіретіндіктен, ислам дініне деген үлкен қызығушылықты бастан өткізіп жатқан Қазақстанның қазіргі рухани мәдениеті үшін бұл мәселе өзінің көкейкестілігімен көзге түседі. Дінге қатысты теріс көзқарас ұстанған тоталитарлық режимнің идеологиялық қысымынан шыққан қазіргі қазақстандық ғылымда да діни дүниетанымға және діни санаға деген қызығушылықтар арта түсуде. Бұл қызығушылық демократиялық жолды таңдаған қоғам жағдайында жемісті сұхбат орнықтыру аясындағы діни ұйымдардың қызметіне мемлекеттің өзгеше қарым-қатынас жасауымен, сондай-ақ қазіргі заманғы ғаламдық ауқымды үдерістермен түсіндіріледі және соған сәйкес ғылым да дінді жаппай сынаудан гөрі оны түрлі қырынан мұқият зерттеуге көшті.

Қоғамтанушылар діни философияның іргелі мәселелерін, оның тарихы мен қоғамдағы ролін айқындай отырып, дінтанудың дәстүрлі тақырыптарын қайта зерттеуге ден қойды, сондай-ақ өз көрінісінің бүкіл алуан түрлілігі барысындағы дінді зерттеудің жаңа бағыттары қолға алына бастады.

Қазақстанның демократиялық дамуы үшін бұл мәселелер өте өзекті, өйткені Қазақстан көп дінді (поликонфессионалды) мемлекет болып табылады, онда әртүрлі діни немесе діни емес бағдарларды ұстанатын түрлі ұлт (этнос) өкілдері тұрады. Біздің қоғамның тұтастығы үшін, әлемдік қауымдастыққа абыроймен ену және онан прогрессивті түрде даму жоспарын іске асыру мақсатында жалпыұлттық идеяны бекіту үшін бұл алуан түрлілікті барлық қырынан ескеру аса маңызды. Бұл міндетті біздің елімізді мекендейтін этностардың бай рухани дәстүріне және әртүрлі халықтар мен елдердің рухани қарым-қатынасының әлемдік тәжірибесіне сүйенбей, әсіресе, өткен мен бүгіннің, Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің арасында жемісті сұхбат жүргізген ойшылдардың мұрасына сүйенбей шешу мүмкін емес. Бұл ойшылдардың қатарында Орталық Азия мәдениетінің ұлы тұлғалары – әл-Фараби мен Ибн Синаны атауға болады. Олар тек Орталық Азия халықтарының мәдениеті мен ислам өркениетінің өкілдері ғана емес, бүкіл әлемдік мәдени қауымдастық төрінен өздеріне лайықты орын алатын ойшылдар болып саналады. Өйткені олар гуманизм мен ағартушылықтың жалпы адамзаттық құндылықтардың берік негізін бекітуге ат салысып, өз шығармашылық әрекетінің барысында өткен мен қазіргі мәдениеттердің құндылықтық сұхбатын іске асырды.

Әл-Фараби мен Ибн Синаның еңбектеріне назар аударылуы кездейсоқ емес. Олар антикалық заманның алыптары – Платонның, Аристотельдің, Птолемейдің шығармашылықтарымен өте жақсы таныс ғұлама-энциклопедистер ғана емес, сонымен бірге өздері ислам өркениеті жағдайында жоғары адамгершіліктік құндылықтарды насихаттаған рухани тұлғалар бола отырып, сол замандағы ғылым мен философия дамуының әлемдік биік деңгейіне қол жеткізді. Олардың мұрасы әлемдік мәдениетті төрінен орынға лайықты орын алады. Өздерінің энциклопедиялық мұрасында олар көптеген мәселелердің шешілуіне үлес қосты. Мысалы: сенім мен білім мәселелері; дін мен философияның арақатынасы; ғылымның мәні мен шығу тегі, оның қоғам өміріндегі рөлі; мемлекет пен қоғамдағы адамгершілік пен адамгершілік тәрбиенің рөлі мен маңызы; адамның әлемдегі мақсаты мен тағдыры және т.б.

Бұл кітапқа метафизика, логика, философия және дін, әлеуметтік философия және қоғамды басқару, ғылым және таным әдіснамасы салаларында өзінің жан-жақты білімін жарқын көрсете алған әл-Фарабидің көлемі шағын және әртүрлі еңбектері енгізілген. Мұндай алуан түрлілікті әдейі тандауымыз әл-Фарабидің дәл осы қырынан даңқы шығуымен, оның энциклопедизмімен сипатталады. Бұл басылымда ғұламаның шығармашылық мұрасымен оқырманды таныстыру мақсатында әл-Фарабидің өзге де білім салаларындағы маңызды трактаттары ұсынылып отыр. Бұл – “Философияның дінге қатысы”, “Категориялар”, “Әріптер кітабы”,

“Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері”, “Ғылымның логикалық негіздері” және т.б. трактаттары. Олардың кейбірі толық көлемде берілмеген, шығарманың неғұрлым қызық тұстарынан үзінділер келтірілген, алайда бұл үзінділердің өзі әл-Фараби философиясындағы негізгі тақырыптар мен кейбір мәселелердің шешімі туралы пікір қалыптасуына мүмкіндік береді.

Кітаптың екінші бөлімі тек ортағасырлық Таяу және Орта Шығыс мәдениетіне ғана емес, бүкіл әлемдік мәдениетке кеңінен танымал, әл-Фараби көзқарастарының идеялық ізбасары Ибн Сина шығармашылығына арналған. Оның медицина, физика және ғылымның өзге де салаларындағы орасан зор үлесін айтсақ та жеткілікті. Әбу Насыр әл-Фараби сияқты, Ибн Синаның да энциклопедиялық мұрасы Шығыстың да, Батыстың да философиялық дамуына терең ықпал еткендіктен, бұл кітапқа оның “Білімдер кітабының” маңызды тарауларын, сондай-ақ “Жан туралы” және “Этика туралы” трактаттарын кіргізді. Бұл – Ибн Синаның философиялық шығармашылығының түбірлі шығармалары, олар оның онтологиялық және гносеологиялық көзқарастарын бейнелейді, оның шығармашылығының психологиялық және адамгершілік қырларын айқындайды, адамның әлемді тануы туралы ілім дамуының аса маңызды мәселелерін көрсетеді, танымдық процестің құрылымын, адамның жаны мен психикалық әрекеттің механизмдерін, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуын, сондай-ақ адамды қоршаған әлемнің дамуы мен құрылысы туралы физикалық көзқарастарын білдіреді.

Ибн Синаның басты еңбектері, сонымен бірге оқырман үшін кеңінен таныс емес, оның “Этика туралы трактатының” жариялануы теориялық тұрғыдан аса маңызды және оқырман үшін де қызығушылық тудырады. Қазақ оқырман қауымы Ибн Синаның осы еңбектерімен қазақ тілінде танысады, ал мұның өзі бұл басылымның жаңашылдығы мен өзектілігінің мәнді элементін құрайтыны сөзсіз.

Аталмыш басылым әл-Фарабидің “Философияның дінге қатысы” трактатымен басталады. Бұл трактаттың мазмұны дінге байланысты қазақстандықтардың қоғамдық санасының өзгерісі тұсында, сондай-ақ, діннің рөлі мен маңызын тереңірек түсінуде, зерттеуші-қоғамтанушылардың көзқарастары шиеленіскен тұста ерекше қызығушылық тудырады. Ол сондай-ақ еркін ойлау идеяларының қалыптасуына да маңызды рөл атқарған философиялық ой тарихындағы екі жақты ақиқат концепциясының мәнін, қалыптасуы мен дамуын түсіну тұрғысынан да қызығушылыққа ие болды. Философия тарихында бұл концепцияның пайда бола бастауында, А.В.Сагадеевтің<sup>1</sup> нақты дәлелдеп көрсеткеніндей, қазіргі Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Отырар алқабында, Фараб қаласында туып-өскен, жергілікті түрік отбасынан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби тұрды.

Әл-Фарабидің рухани мұрасын зерттеушілердің пікірінше, философияда бұл мәселенің қойылуы мен шешілуінде Екінші ұстазға түрік мәдениеті, оның дүниетанымдық универсалийлері әсер еткен. Әл-Фарабидің 20 жасқа жеткенге дейін өз отанында өмір сүргені, сонда бастапқы білім алғаны белгілі. М.М.Хайруллаевтың<sup>2</sup> байқауынша, ежелгі бір деректерге қарағанда, Мауреннахрда балаларды қолөнер мен ғылымға үйрету 5 жастан басталған. Өмірдің көшпелі тәртібіне әуел бастан еркіндік сүйгіш рух тән. Табиғатпен бетпе-бет өмір, құстардың еркін самғауы, сайын даланың шексіздігі тудырған еркіндікті қастерлеу сезімі мәдениетте, өмірдің құндылықтарында бекітілді және сол арқылы реттеліп отырды. Еркіндік сезімі қоршаған кеңістікке деген ерекше қатынасты ұялатты, барлық жаңалыққа деген дүниетанымның ашықтығын қалыптастырды, әлемге деген, оның алуан түрлілігі мен қайталанбайтындығына деген терең түсіну ынтасын тудырды.

Философия мен діннің өзара байланысы туралы тақырыбы, оларды қоғамның әлеуметтік өмірін идеологиялық реттеуінің белгілі бір тәсілі ретінде зерттеу әл-Фараби үшін тек тар гносеологиялық (танымдық) сипатқа ғана емес, адамның өмірдегі мәні мен мақсатын шынайы түсіну негізінде ізгілікті қала азаматтарын тәрбиелеуді мақсат етіп қойған практикалық сипатқа да ие болды. Сондықтан әл-Фараби “Философияның дінге қатынасында” мемлекетті басқарудағы философия мен діннің мәнін аша отырып, бұл мәселені мемлекеттің басқарушысы шешуі тиіс өзге де маңызды әлеуметтік-саяси және этикалық мәселелермен байланыстырады. Қоғамдық өмірдің идеологиялық реттеушісі ретінде діннің мәні мен маңызын ашуды өзінің мақсаты ретінде қойғанымен, бұл трактат мазмұндық тұрғыдан өз атауының шеңберінен шығып кетеді, өйткені мемлекет азаматтарының өміріндегі діннің маңызы мен атқаратын қызметтерін жан-жақты айқындау барысында оны әл-Фараби ерікті және еріксіз түрде әлеуметтік өмірдің кең контекстіне енгізіп жібереді. Осылайша ол тек діни тақырыпты ғана емес, әлеуметтік, саяси және адамгершілік тақырыптарын да қозғайды. Философияның дінге қатысы туралы мәселе әлемдегі адам болмысының түпкілікті мәселелерін шешудегі әл-Фарабидің гуманистік ұстанымымен, өзі де тікелей ат салысқан ортағасырлық ғылымдағы жаратылыстанымдық білімдердің терең ықпалымен айқындалады. Бұл әл-Фарабидің философиялық көзқарастарының ағартушылық бағытын анықтайды.

Әл-Фараби мен Ибн Сина дәуірінде ғылымның едәуір жетістіктерге жеткені белгілі, әсіресе, білімнің ең алдымен математика, астрономия, медицина, логика және т.б. әртүрлі салаларындағы жетістіктер, әлемдік ғылыми ойдың тарихына зор ықпалын тигізді. Әл-Хорезми, әл-Ферғани, ар-Рази, әл-Бируни, Ибн Халдун және т.б. есімдері Шығыстың ғылыми ойын зерттеушілердің көпшілігіне жақсы таныс. Сондықтан ғылыми білім мен



ғылыми таным әдіснамасы мәселелерін, сондай-ақ теориялық және практикалық деп жіктелетін ғылымдарды зерттеу негізінде ізгілікті қала азаматтарын практикалық тәрбиелеу мәселелерін қарастырған “Диалектика”, “Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері” трактаттарында және “Философияның дінге қатысы”, “Әріптер кітабы” трактаттарында да сенім мен білім, философия мен дін арақатынастары мәселелерін қою мен шешу арасында терең байланыс бар.

Сенім мен ақыл мәселелерін шешу қажеттілігі ортағасырлық философияның өзінің бүкіл тақырыптық проблематикасының исламдық дүниетанымға таңулы екендігімен айқындалады. Ислам адамның мемлекет пен қоғамға, саясат пен мәдениетке қатынасын анықтайтын құдіретті дүниетанымдық жүйені білдіреді. Ислам тек діни ілім ғана емес, әлеуметтік-экономикалық институттардың, мемлекеттік-құқықтық жүйенің, саяси идеология мен философиялық теориялардың құрамдас бөлігі, тарихи дәстүрлер мен адамгершілік принциптердің негізі болып табылды. Дін жолындағылар үшін ол адамның рухани қажеттігін өтеп қана қоймай, оның бүкіл өмірін реттейтін құндылықтар жүйесі мен жүріс-тұрыс кодексі, өмір сүру үлгісі болып табылады. Бұл туралы әл-Фараби “Философияның дінге қатысы” трактатында былай деп жазады: “Дін – бұл алғашқы Басшының барлығы үшін сызып берген шарттарымен анықталатын көзқарастар мен әрекеттер. Діннің көмегімен барлығы өз мақсаттарына жетеді”<sup>3</sup>.

Әл-Кинди – философияның исламның рухани мәдениеті шеңберіндегі орнын анықтауды міндет етіп қойған, аристотельдік-неоплатондық философияны ислам әлеміне енгізген тұңғыш философ. Құдайға тән құдіретті таным мен адами таным арасындағы, философтың қажырлы ізденісі мен интуитивті аянның арасындағы айырмашылықтарды қарастыра отырып, ол философия мен аянның көп жағдайда әртүрлі жолдармен жүрсе де, бірдей нәтижеге келетінін, бірақ кейде сенімнің белгілі бір түбегейлі догматтарын ақылмен дәлелдеуге келмейтіндігін атап өтеді. Адам өзінің жаратылысы бойынша, кейбір нәрселерді тануға қабілетсіз және оларды ол наным-сенім ретінде қабылдауы тиіс. Мысалы, ақырзаман күніндегі денелердің қайта тірілуі және Құдайдың құдіретті еркімен уақыттың бір сәтінде ғана әлемнің жоқ нәрседен пайда болуы туралы пайымдаулар. Әл-Кинди – сенім мен ақыл, теология мен философия бірігуі тиіс, оның ішінде философия пайғамбарлардың интуитивті аяны арқылы адамдарға берілген дүниетанымды тереңдетуі тиіс, сенімнің догматтарын бекітуі тиіс деп сенген мутазилиттік бағдардағы философ, алғашқы ислам философы.

Әл-Фараби болса, ақылдың діни аяндардың символикалық белгілерінен басымдылығын алға тартады. Мысалы, “Әріптер кітабында” әл-Фараби дін

мен философия туралы айтқанда, алдыңғы мен кейінгі мағыналарын қолдануды ескертеді, өйткені дін шынайы философияға еліктейді. Бұл туралы ойшыл “Философияның дінге қатысы” трактатында былай дейді: “Ізгілікті дін философияға ұқсайды. Діннің практикалық бөлігі тұтастай алғанда, практикалық философияға енеді. Діннің теориялық көзқарастары теориялық философиядан дәлелдер табады және дін оларды дәлелдемесіз қабылдайды<sup>4</sup>. Демек, философия ізгілікті дінді құптайды. Және, демек, ізгілікті дінге кіретін басқару ісі философияға бағындырылады”, – деп жазады<sup>5</sup>.

Бұл шығармасында әл-Фараби шынайы басқарудың қандай болуы керектігін, қандай жағдайларда ислам құқығы қалыптасатындығын, заң шығарушы мен дінтанушының міндеттеріне не кіретіндігін көрсетеді. Ол сондай-ақ, азаматтық ғылымның пәндік саласына не енетінін және ізгілікті қаланың зұлымдықты қаладан қалай ерекшеленетін, басқарушының ізгі әрекетінің неде екендігін және нағыз басқарушының кім бола алатындығын да көрсетіп береді. “Философияның дінге қатысы” трактатының маңызы, онда Екінші Ұстаздың қоғамның діни ықпалымен сіңірілген саяси-әлеуметтік және адамгершілік өмірінің аталған қырларын ашып беруінде емес, діннің мәні мен оның қоғамдағы рөлін қалай түсінуінде болып отыр.

Әл-Фараби білімнің әртүрлі типтері ретінде ғана қабылдай отырып діннің де, философияның да ақиқатқа жету құқығын мойындайды. Дін ретінде ол әркімге түсінікті формада мазмұндалған білімді ұғынады, дінді халықтық дүниетаным, неғұрлым қарапайым және жалпы түсінікті философия ретінде пайымдайды. Сонымен бірге, әл-Фарабидің өзі қалыптастырған философия жалпы бейнелі көзқарастарға емес, ұғымдық ойлауға, логикалық құрылымдар жүйесіне, негіздер мен дәлелдеулермен дәйектелген білімге, ақыл-ойдың интеллектуализміне сүйенді. Бірдей нәрселерді, өмірде бар заттардың бастауы мен ақырғы принциптерін зерттей отырып, бақытқа жету ретіндегі адам өмірінің түпкі мақсатын түсіндіре отырып, философия мұның барлығын ақылға сыятын мәнділіктер мен ұғымдар арқылы ұғындырады және білдіреді. Ал дін болса, оларды пайым арқылы, ұқсастықтар арқылы бейнелі-рәміздік формада береді. Сондықтан да өз мәні бойынша дін философияға еліктеуші болып шығады.

Егер “Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздерінде” және “Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы” трактатта саяси-әлеуметтік және этикалық тұрғыдағы мәселелер, мемлекеттік өмір мен басқару мәселелері толығымен қарастырылса және осы үрдістегі діннің рөліне аз көңіл аударылса, ал “Философияның дінге қатысы” және мемлекет пен қоғам өміріндегі діннің дүниетанымдық және идеологиялық рөлі кеңінен баяндалған “Әріптер кітабындағы” әл-Фарабидің философия мен дінге қатысты баяндаған идеялары екіжақты ақиқат концепциясының бастауында

Әл-Фараби тұрғанын дәлелдейді. Ибн Сина және одан кейін Ибн Рушд Әл-Фарабидің дәлелдемелерін жалғастырып әкетеді және оның теориялық іргетасын одан әрі орнықтыра түседі.

Бұл трактаттың мазмұны бойынша, дін адамның ақыл-ойын билеп алғанымен, бірақ уақыт бойынша, философиядан кейін пайда болады, осылайша философияның соңынан жүреді. Қалам өнері мен мұсылмандық құқық діннен кейін пайда болады және сондықтан да қалам шынайы философиядан анағұрлым қашық. Ол өзінің ізбасарларының әрекетінде ақиқатқа ұқсайтын немесе ақиқат деп қабылданатын нәрселердің образына (бейнесіне) дәлел іздейді, ал ондай жағдайда бұл тек пайымдалады. Әл-Фараби бойынша, мемлекеттегі ең біріншілер жалған емес, шынайы ақиқатты игерудің тәсілдерін меңгерген философтар болып саналады, сондықтан да олар әлеуметтік сатыдағы жоғарғы баспалдақты иеленеді. Онан әрі диалектиктер, софистер, заң шығарушылар, мутакаллимдер және факихтер орналасады. “Әріптер кітабындағы” маңызды тұжырымның бірі діни көзқарастардың бір халықтан екіншісіне өтуі идеялық күрес жағдайында өтеді деген түйін: әрбір халықта философияның қарсыластары бар, қалам өнері философияға қарсы әрекет етеді. Философия дінге қай дәрежеде қарсы әрекет етсе, дін де сол дәрежеде философияға қарсы әрекет етеді.

“Әріптер кітабынан” жарияланып отырған үзінділердің өзге қырларына келер болсақ, бұл шығарманың қазақстандық оқырманға толық көлемде әлі белгісіз екендігін атап өту қажет. Ол қазақстандық фарабитанудың әлі терең зерттей қоймаған Әл-Фарабидің төлтума еңбегі болып саналады. Ол ғылыми айналымға енді ене бастады және онда көтерілетін мәселелерге орай бұл ортағасырлық кезеңді зерттейтін тарихи-философиялық ғылымдағы маңызды құбылыс болып табылады.

Баспаға ұсынылған “Әріптер кітабының” үзінділерінің аудармасын тақырыптық тұрғыда үш бөлікке бөлуге болады: ұғымдық (категориалды) анықтамалар мен ақылмен игерілетін мәнділіктер бойынша материалдар мазмұндалатын бөлік; әртүрлі ғылымдардың пәндік аймақтарын қарастыратын және сонымен бірге олардың бір-бірінен айырмашылығын анықтайтын бөлік және ақырында, жоғарыда айтылып өткендей, философия мен діннің арақатынасын зерттейтін бөлік.

Бұл жерде қоғамдық-тарихи жағдайлардың ықпалымен және соған сәйкес, ортағасырлық танымдық ахуалдың арқасында, логиканың ғылыми білімнің органы (құралы) ретінде өзге ғылымдар арасында жетекші орынға ие болғанын ескеру қажет және оның Таяу және Орта Шығыс елдерінде кеңінен таралғанын айта кету керек. Логикаға берілген осындай маңыз Әл-Фарабидің көптеген трактаттарынан аңғарылады, онда логикалық пікірлер көп кездеседі. Әл-Фараби үшін өмір сүруші әлем таным үшін ашық болып

көрінеді, ондағы негізгі рөлді ақылдың түйіндері, логикалық дәлелдер алады, ал танымның негізгі тәсілі – логика, ақиқаттың өлшемі ақыл болып табылады.

Ұғымдардың категориялық анықтамаларының аристотельдік дәстүрін жалғастыра отырып, “Әріптер кітабы” “Категориялар” трактатының және “Диалектика” трактатынан “Ғылымның логикалық негіздері” атты үзіндінің және әл-Фарабидің өзге де логикалық шығармаларының тақырыптық мәселелерін толықтырады және кеңейтеді. Онда әл-Фараби категорияларға анықтама береді және оларды жіктейді. Категорияларды анықтау мәселесіне қатысты берілген әртүрлі көзқарастарды Аристотельдің теориялық платформасы тұрғысынан сынайды. Әл-Фарабидің талдау пәніне айналған нәрсенің бірі шектілік пен шексіздік тұрғысынан қарастырылған ақылмен игерілетін мәнділіктер туралы мәселе болды. Ойшылдың бұл мәселеге көзқарасы, оның пікірлерінің барысы әлі күнге дейін теориялық таным үшін қызығушылық қалпын сақтап келеді, өйткені кезінде Платон көтерген ақылмен игерілетін мәнділіктер мәселесі көп уақыт бойы философияны толғандырып келеді, философияның көптеген классиктері онымен тікелей айналысты. Әл-Фараби бұл мәселеден тыс қалған жоқ. Сондықтан оны исламдық рухани-мәдени контекстке енгізіп, қайталап (ретроспективті) зерттеу өзекті болып қала береді.

“Әріптер кітабында” ғылымдарды жіктеу мәселесі де қозғалады. Мұнда әл-Фараби әртүрлі ғылымдардың пәндік аймағын қарастырады, олардың жіктелуіне заңды түрде тоқталады. Қандай да бір ғылымның пайда болу себептерін зерттегенде, әл-Фараби мынадай негізгі дүниетанымдық концепцияны басшылыққа алады: “Субстанция мен акциденциядан басқа, мәңгі мейірімге ие субстанция мен акциденцияларды жаратушыдан өзге ешнәрсе жоқ”<sup>6</sup>.

Философтың ойынша, барлық ғылымдар субстанциялар мен акциденцияларды зерттеуден пайда болады, бұл жерде олардың шығу тегін түсіндіру мәнділіктің субстанционалды және акциденциалды жағдайының нақты сипаттамасын білдіреді. Осылайша, әл-Фараби бойынша, мысалы, сандар туралы ғылым субстанцияның көпшілік және бөліктерге бөліне алу сипатының арқасында пайда болады, ал жұлдыздар туралы ғылым субстанцияның өз жаратылысы бойынша қозғалмалы болатындығының және онда қозғалыстың әрқилы түрлері болатындығының және т.б. арқасында пайда болады. Табиғатпен айналысатын ғылым табиғи әлемді зерттеуден келіп шығатыны сияқты, қасиетті (діни) ғылым да адамның өз жаратушысының субстанциясы бар ма, оның басы және соңы бар ма және т.с.с. адамның ой толғануынан пайда болады. Мұны зерттеу Құдайды танудың себебіне және Оны Жаратушының субстанция мен акциденцияларды мойындаудың себебіне айналады. Осылайша, метафизика қасиетті ғылым

ретінде – “барлық ғылымдардың соңы мен аяқталуы”, ал “олар сезіммен қабылданатын және ақылмен игерілетін субстанциялардың орналасуы және оларға ілесетін акциденциялардың орналасуы себепті пайда болады”<sup>7</sup>.

Жұмыстың тарауларының бірінде субстанциялар мен акциденциялардан өзге ешқандай нәрсенің өмір сүрмейтіндігіне дәлелдемелер келтірілсе, ал келесі тарауында әл-Фараби бес бастапқы түпнегіз туралы айтады: су, ауа, от, жер және аспан. Алайда, мұның соңғысы әл-Фарабидің концепциясына, сәйкес келмейді, сондықтан бұл мәселе анағұрлым терең және толық зерттеуді талап етеді. Бұл әлде мәтінді көшірушілердің әл-Фарабидің онтологиясына сырттан енгізген бөтен денесі ме, әлде қазақстандық ғалымдардың айтуына сай, түрік дүниетанымының ықпалы ретінде түсіндіру қажет пе, ол – отандық зерттеушілердің шешуі тиіс мәселесі.

Осылайша, бұл басылымға енген трактаттардың проблематикасы әл-Фараби философиясындағы негіз құраушы концепция ақыл-ой концепциясы екендігін көрсетеді. Адамда ақыл-ойдың болуы оны табиғи әлемдегі барлық заттардан ерекшелендіреді, оған дін анықтап қойған жазмыш бойынша емес, өзінің рационалды ұғынған мақсаттары бойынша қимылдауға мүмкіндік береді. Ақыл-ойдың әрекетінде табиғатта жоқ нәрсені жасауға мүмкіндік беретін, өзінің шектеулі болмысының шегін игеруге мүмкіндік беретін адамның, шығармашылдық белсенділігі аңғарылады. Философияның рөлі мен маңызын сипаттай отырып, әл-Фараби философия барлық ғылымдардың – математиканың, физиканың, логиканың, саясаттың, экономиканың және т.б. тұжырымдарына сүйене отырып, онан өзі түйін жасайды деп жазды, өйткені оның пәндік аймағы – метафизикалық, яғни барлық мәнділіктің болмысының себебін іздеу. Сондықтан да философия үшін маңызы жоқ болатындай әлемде еш нәрсе жоқ, ол ақырғы мақсаты ақиқатқа жету болып табылатын адамзат танымының формасы болып көрінеді.

Философия ақиқатқа жетуге ұмтылғандықтан, адамзаттың бақытқа жетуіне қызмет етеді. Әл-Фараби бақытқа жету мәселесіне “Бақытқа жету туралы” деп аталатын трактатын арнады. Ондағы тақырып әл-Фарабидің “Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы” трактат, “Азаматтық саясат”, “Бақытқа қарай жол сілтеу” сияқты еңбектерінде көтерілген этикалық және саяси-әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты. Әл-Фараби саяси-әлеуметтік проблематиканы өңдеуге көп еңбек сіңірді және сондықтан да Таяу және Орта Шығыста саяси-әлеуметтік ғылымның төрінен лайықты орын алатын аса ірі ойшылдардың бірінен саналады. Әл-Фарабидің “Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері” трактаты да осы мәселеге арналған.

Бұл нақыл сөздер әл-Фарабидің саяси-әлеуметтік және этикалық көзқарастарының кейбір қырларының неғұрлым маңызды және негізгі

қағидаларының қысқаша мазмұндамасын білдіреді. Олар сол замандағы философиялық ойды толғандырған неғұрлым маңызды мәселелерді бөліп қарастыру аясында өзекті, өйткені ол өз құрамына қоғам туралы белгілі бір ғылымның бүкіл пәндік аймағын емес, бұл ғылымдардың белгілі бір мәселеге қатысты жекелеген қырларын ғана енгізеді. Әл-Фараби қолданған жанр оған дейін де белгілі еді және онан кейін де пайдаланылған. Мысалы, нақыл сөздер (афоризмдер) формасында жазылған Закарийа ар-Разидің “Медицина бойынша нақыл сөздер” деген ірі еңбегі белгілі.

Мұндай жанрдың дәстүрі Ханайн ибн Исхак аударған Гиппократтың нақыл сөздеріне де қатысы болуы мүмкін.

Әл-Фарабидің “Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері” философия тарихында елеусіз қалған жоқ, өз шығармаларында Ибн Рушд пен Маймонид оларға сілтеме жасайды. Зерттеушілердің пікірінше, олар әл-Фарабидің соңғы еңбектеріне қатысты және бұл саяси-әлеуметтік саладағы оның көзқарастарына платондық “Саясат” пен аристотельдік “Никомах этикасының” едәуір ықпалы бар. Аталмыш шығарманы ең алғаш ағылшын тіліне аударған Д.М.Данлоптың пікірінше, әл-Фараби бұл трактатты жазуды Бағдатта бастаған, ал 941-942 жылдардың аяғында Сирияға өзімен бірге алып кетіп, тек 942-943 жылдары ғана Дамаскіде аяқтаған. Трактат әрқайсысы өз кезегінде тарауларға бөлінетін екі бөлімге бөлінген. Ойшылдың өзі атап өткендей, бұл трактатта мемлекетті гүлдендіруге әкелетін, оның азаматтарының өмірін жақсартуға және бақытқа жеткізуге мүмкіндік беретін мемлекетті басқарудың көптеген тәсілдері көрсетілген.

Алғашқы жеті тарауда метафизика мәселелеріне көп көңіл бөлінген, өйткені әл-Фараби бүкіл өзінің шығармашылығында осы бағытты ұстанады, ал онсыз, яғни осы терең онтологиялық проблематиканың шешімінсіз, алдымен, адам болмысының мәселелерін, демек, сонан соң адамзаттың қоғамдық мәселелерін шешу мүмкін емес деп есептейді.

Бұл тарауларда адамның этикалық дамуына да үлкен көңіл бөлінеді. Олардың бірі ізгілікті қала азаматы ретінде жанның жоғары адамгершілікті қасиеттерімен сипатталатын азаматтарды тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Сондықтан бұл трактатта әл-Фараби ізгілік және ізгілікті өмір деген не, ізгіліктің қандай түрлері бар және олар жанмен, сондай-ақ ақылмен қандай байланыста, адамның жанын тәрбиелеудегі басқарушының рөлі қандай деген сұрақтарға тоқталады. Ол сонымен бірге, әділ және ағартушы басқарушы қандай болуы керек мемлекеттік құрылым қандай болуы қажет, “зұлымдық” деп аталған қалалардың әділдік, қайырымдылық пен ақыл-ой үстемдік ететін қалалардан қандай айырмашылығы бар деген сұрақтарды да назардан тыс қалдырмайды.

Әл-Фараби мемлекеттің құрылымы туралы, оның ішкі сатылығы туралы, ағзаны ауру-сырқаудан емдейтін емші тәрізді, мемлекет басқарушысының іс-әрекеті туралы сөз қозғайды. Ол басқарушы материалдық игіліктерді бөлуге қатысты да, әлеуметтік тәртіпті сақтауға қатысты да, қоғамның адамгершілік дәстүрлеріне қатысты да әділ болуы керек деп есептейді.

“Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері” трактаты үлгілі (идеалды) қоғамдық құрылыс және үлгілі басқарушы туралы әл-Фараби заманындағы қоғамдық көзқарастарды білдіріп қана қоймай, өз өмірінің пісіп-жетілген шағындағы әл-Фарабидің көптеген өзге де шығармаларында баяндалған әділеттілік пен адамгершілік кемелдену туралы, адамдар арасындағы өзара көмек пен мемлекеттік басқару туралы, ағартушылық, жақсылық пен ақыл-ойдың жеңімпаздығы туралы прогрессивті көзқарастардың қорытылған мазмұнын білдіреді. Сондықтан бұл еңбек тек әл-Фарабидің ғана емес, Таяу және Орта Шығыстың өзге де ойшылдарының философиясы мен саяси-әлеуметтік көзқарастарын зерттеуде құнды дерек болып табылады. Ал ол ойшылдардың ішінде, ең алдымен, Әбу Әли Ибн Синаның орны ерекше бөлек.

\* \* \*

Әбу Әли Хусейн Абдаллах Ибн Хасан Ибн Әли Ибн Сина (Авиценна) 980 жылы (хиджра жыл санау бойынша 370 жылы) Бұқара маңындағы (қазіргі Өзбекстан территориясы) Афшана атты елді мекенде дүниеге келді. Оның әкесі әкімшілік шенеунік қызметін атқарған.

Ибн Синаның өмірбаяны өз ұстазының қолжазбаларын ерекше қамқорлықпен жинаған оның шәкірті Әбу Убайд Жүзжанидің жазып қалдырған “Өмірнамасы” арқылы бізге толығымен белгілі. Бұл өмірбаянның алғашқы бөлігін Ибн Синаның өзі айтып жаздырған, ал екінші бөлігін Жүзжани құрастырған. Бұл шығармада асқан ұлы философ Ибн Синаның отбасы, жасөспірім шағы, оқыған кезі, қиын-қыстау күндерге толы ересек шағы әңгімеленіп, оның көптеген еңбектері аталып өтіледі.

Адамзат өркениетінің тарихы дәл Авиценна сияқты ғажайып феномендерді көп біле бермейді: өзінің шектеулі өмірінде Орталық Азия мен Иранның көптеген қалаларын аралап шыққан кезбе және ұлы уәзір, ақын және музыкант, медицинаның ірі теоретигі және қызметтегі дәрігер-емші, ғалым-экспериментатор және философ-энциклопедист. Өзінің терең де мол энциклопедиялық білімі үшін ол “Ғалымдар падишасы” дегенді білдіретін аш-Шейх ар-Раис деген атаққа ие болды. Ол – ортағасырлық дәуірдегі білімнің бүкіл дерлік әртүрлі салаларын қамтыған көп томды шығармалардың авторы. Ибн Сина жазған еңбектердің санына қатысты бірауызды пікір жоқ, оған тиесілі шығармалар саны 38 дегеннен бастап, 300 еңбек жазды

деген алуан түрлі пікірлер бар. Ирандық ғалым Саид Нафисидің айтуынша, ол араб тілінде 450 шығарма және фарси-дари (тәжік) тілінде 23 шығарма жазған (немесе оған тиесілі деп есептеледі). Оның еңбектері қазіргі оқырманға толық көлемінде жеткен жоқ, алайда сақталған еңбектерінің көлемінің өзі автордың ақыл-ойының асқан тереңдігімен және жан-жақтылығымен, оның ерекше қабілетімен және қажырлылығымен дүйім жұртты таң қалдырады: күндіз қызметтегі жұмысында болғанымен, түнде ол шаршамай, талмай кітап жазуды және шәкірттерге дәріс беруін жалғастыра берді. Әлемнің әр түрлі кітапханаларының каталогтарында ұлы ғалым және ойшылдың біздің заманымызға дейін жеткен 160-қа жуық шығармалары кездеседі. Мынадай әйгілі шығармалар, мысалы, “Сауығу (шипа) кітабы” (“аш-Шифа”) және “Емшілік ғылымның каноны” (“әл-Канун”), “Білім кітабы” (“Данишнамә”) және “Тірі, сергектің ұлы” (“Хай ибн Якзан”), сондай-ақ “Қорытынды және нәтиже” (“әл-Хасил ва-л-Максул”), “Ізгілік және күнә” (“әл-Бирр ва-л-Исм”) оның қаламына тиесілі. Ал “Әділет кітабы” деп аталатын 20 томдық шығарма жоғалып кетті.

Герард Кремонскийдің тәржімасының негізінде бірнеше ғасырлар бойы Еуропа дәрігерлерінің қойын кітабына айналған “Емшілік ғылымның каноны” атты медициналық трактат Ибн Синаға әлемдік мәдениетте барынша танымалдық әкелді. Бұл нағыз медициналық энциклопедияда грек, үнді, иран және араб медициналарының жетістіктері жинақталған. Ол 5 кітаптан тұрады. Бірінші кітапта медицинаның жалпы теориясы толық баяндалады; анатомия, физиология, хирургия және тағы басқа медициналық ғылымдарға анықтама беріледі: өткір және созылмалы аурулар түрі мейлінше жеткілікті қарастырылып, оларды емдеу жолдары көрсетіледі. Екінші және бесінші кітаптарды Ибн Сина дәрілерді дайындау, сақтау және тексеру тәсілдері; емдік құралдарды жинау мен сақтауды сипаттауға арнайды. Үшінші және төртінші кітаптар терапияға арналды.

Мәселелердің кеңінен қамтылуы, мазмұндардың нақты айқындығы, мәселелерді қою мен шешудегі жаңашылдық, ойдың даралығы бұл еңбектің бағалылығын шексіз арттырды. Онда Ибн Сина көз анатомиясы мен көру процесі механизмдерін зерттеуде; жүрек құрылысын зерттеуде грек медицинасына белгісіз болып келген сүзек, қызылша, қант диабеті ауруларын сипаттауда; диагноз қою әдістерін дайындауда ғылыми ойдың жаңа шырларына жетті. Бұл еңбекте ол жұқпалы аурулардың көзге көрінбейтін қоздырғыштары туралы болжам жасап, тамыр соғысы (пульс) туралы жаңа ілімді дүниеге келтірді.

“Канон” тек медицина дамуында маңызды рөл ойнап қана қойған жоқ, Ибн Сина бүкіл өзінің ғылыми қызметінде басшылыққа алған, әдіснамалық тұрғыдан алғандағы себептілік принципінің негізіне жатты. Қазіргі



ғылымның тек ғалымдар материалдық әлемді бақылау эксперимент жасауға және жаңа болжамдар құруға ашық табиғи себептер мен салдарлар әлемі ретінде қарастыра бастаған кезден кейін ғана пайда болғаны белгілі. Ибн Синаның еңбектері ғылыми ойда табиғи әлемнің күдіретті символдар әлемі ретіндегі емес, өз-өзіне жеткілікті және заңдылықты дамушы әлем ретіндегі түсіну қажеттілігі туралы ойдың бағытына итермелейді.

Ибн Синаның жаратылыстану дамуында, оның геология, минерология, химия сияқты салаларында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оның жаратылыстанымдық көзқарастары әйгілі “Сауығу кітабында” көрініс тапқан. Бұл еңбек барлық рационалистік ғылымдардың энциклопедиясы ретінде көрінеді. Ол әрбір бөлім тараулардан, әрбір кітап бөлімдерге өз кезегінде бөлінетін төрт бөліктен тұрады: логика, физика, математика және метафизика. Жаратылыстану ғылымдар саласында, оның ішінде минерологиядағы үлкен жетістіктердің бірі Ибн Синаның металлдар мен минералдарға берген сипаттамасы мен жіктемесі болды: тастар, балқитын денелер металлдар күкіртті жанғыш заттар, тұздар. Бұл жіктеме минерологияда XVII ғасырдың ортасына дейін сақталып келді.

Әбу Әли Ибн Синаның тау жыныстары мен шатқалдардың су және желдердің эрозиялық әрекетінің нәтижесінде түзілетіндігі туралы айтқандары, жер сілкінісінің себептері туралы болжамдары, құрғақта табылған теңіз жануарларының қаңқаларына қарап, теңіздің түбін анықтауы және т.б. оны жаратылыстану ғылымы тарихынан жоғары орын алуға лайықты етті. Ол ал химия мен астрологияға қарсы болып, астрономия саласында және астрономиялық құралдар ойлап табуда зор еңбек сіңірді. Оның сондай-ақ музыка өнерінің білгірі, лингвист және ақын ретінде де даңқы шықты.

Сол заманмен салыстырғанда ортағасырлық Шығыс рухани және ғылыми гүлдену дәуірін бастан кешірді. Ол уақыттағы тарихи-мәдени орта төмендегідей ұлы ғұламаларды шығарды: ақындар Рудаки мен Фирдоуси, дәрігер Әбубәкір ар-Рази, астроном Әбу Махмуд Ходженди, энциклопедистер әл-Фараби және әл-Бируни. Ортағасырлар дәуірінде Ибн Сина өзінің алдыңғы және кейінгі өмір сүрген ойшылдарымен қатар, өткеннің құнарлы нәрімен байытылып, Шығыстан Батысқа қарай аққан мәдени қозғалыстың жаңа толқынын тудырушылардың бірі болды.

Бірқатар қолайлы ықпал етуші шарттарсыз туындайтын және гүлденетін, тұрақты дамушы философиялық жүйелер тарихта мүлдем кездеспейді. Географиялық кеңістіктің кеңдігі, минералды, ауылшаруашылық және өнеркәсіптік ресурстардың болуы, қаржылық мүмкіндік, техникалық шеберлік және жолға қойылған сауда, қалалық өмірдің жоғары деңгейі дамудың алғышарты бола алады. VII және XII ғасырлардың аралығында, тарихи дәуірде шекарасы орасан алып географиялық кеңістікті қамтыған

исламдық ортағасырлық әлемге осы факторлардың бірқатары тән болды. Осы қолайлы алғышарттардың негізінде ғана, әдетте, Батыс Еуропадағы Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірімен теңестіретін ислам мәдениетінің ерекше гүлденуі орын алады.

Бұл дәуірдегі философиялық және ғылыми ой адамзаттың іс-әрекетінен таннылып барыншы алуан түрлі аймақтарын зерттеді. Қатаң діни мәселелер, сондай-ақ этика мен саясат, заңгерлік, теология мен философия, әдебиет пен өнер, жаратылыстану ғылымдары мен техника қарқындылықтың әртүрлі деңгейлерінде зерттелді. Қызығушылықтың мұндай алуан түрлілігі адамның білуге деген ерекше құштарлығы мен ынтазарлығын және адам ақыл ойының Алланың құдіретті даналығына ұмтылысын байқатты. Сондықтан бұл дәуірдің ойшылы оның жекелеген салаларға мамандануы әртүрлі пәндерді бір-бірінен салыстыру және оларды біртұтастықпен байланыстыру ниетіне кедергі келтірмейтіндей барлық салалардағы білімге бірдей ұмтылған гуманисті білдірді.

Синтезге деген ұмтылыс үрдісі Х ғасырдағы философтар мен грамматиктердің, құқықтанушы дінтанулардың, “Тазалық бауырластығы” үйірмесі энциклопедистерінің еңбектерінде айқын аңғарылады. Тіпті, философия өзін қатаң діни сипаттағы классикалық исламнан алшақтатып, өзін оның нағыз қарсыласы ретінде бекіткеннің өзінде де, философия мен әртүрлі ғылымдар арасындағы өзара байланыс байқалып тұрды. Жоғарыда әл-Фарабидің философиялық мұрасын қарастыру барысында айтылып өткендей, бұл үрдіс көзқарастағы ақыл мен сенімнің рөліне қатысты тұрақты алшақтықтан, білімнің рационалды және діни деп бөлінуінен көрінеді. Алайда, мұнымен қатар, метафизика, саясат пен этика мәселелеріне келгенде, философия теологиямен тығыз араласып кетеді, ал канондық құқық дәстүрлі түрде философияның пәндік аймағына енетін математика, риторика, логика, жаратылыстану ғылымдары сияқты білім салаларын пайдаланады. Тұтастай алғанда, бұл кезең екі негізгі көзқарастың үнемі қақтығысымен сипатталады – ежелгі грек ойының дәстүрін жалғастырушы рационалистік және құдіретті Құран және хадистердің қасиетті мәтіндеріне тікелей сүйенетін дәстүрлі көзқарастар. Әл-Фараби және Ибн Сина нағыз шынайы дінді философия деп санады және философияны діннің жүрегі деп тұжырымдады. Ибн Сина философия мен оның әдіснамасын діни қағидаларды талдау мен түсіндіруге пайдаланды және ол сондай-ақ философия сопылық ілімде негізгі орын алады деп есептеді.

Ибн Сина да, әл-Фараби сияқты, сол мәдени өрлеу дәуірінің тұлғасы ретінде, оның шығармашылық әрекеті Екінші ұстаздың ізінше, біртұтас адамзаттық өркениеттің жалғасуы мен дамуындағы аса маңызды байланыстырушы буындардың бірі болған ойшылға айналды. Мәдениеттер мен рухани мұраның сабақтастығы мәселесі тарихтағы әртүрлі халықтар

мемлекетінің ортақтастығын, жалпы адамзаттық дамудың біртұтастығын көрсетеді. Онда алуан түрлілік сақталады және дамиды немесе тұтастық алуан түрлілік арқылы іске асады. Әл-Фараби исламдық философияның негізін қалаушысы деп саналады, оның философиялық көзқарастары ортағасырлық ислам мәдениетінің өрлеу тұсындағы алғашқы ғасырларында үстемдік еткен негізгі принциптерді бейнеледі. Сондықтан оның ойлау бейнесі (образы), дағдысы (стилі) мен әдістері исламдық Шығыс ойшылдарының кейінгі буындарына ықпал етті.

Білімдердің көзі ретінде әл-Фараби философиясына дәстүрлі түрде сүйену, сонымен бірге оны онан әрі тереңдетіп зерттеу мен тарату үрдісі ортағасырлық дәуірдің өзінде қалыптаса бастады. Алайда бұл үрдіс әл-Фараби көзқарастарының төлтумалылығы туралы мәселені күн тәртібінен алып тастай қойған жоқ: оны көбіне ежелгі грек философиясын қайта түсіндіруші ретінде қарастырады. Оның көрнекті ізбасары Ибн Синаны да кейде ілімінің төлтумалы еместігімен, тіпті әл-Фараби идеяларын қарапайым қайталаушы ретінде айыптайды. Аш-Шейх ар-Раисты өзінің өмірі барысында да, өмірінен кейін де бір жағынан атеист ретінде, екінші жағынан қайталаушы ретінде аяусыз сынға ұшыратты.

Әл-Фараби философиясының Ибн Сина философиялық көзқарасына ықпалы туралы Ибн Синаның өзі былай дейді: “Ғылымдарды – логиканы, физиканы және математиканы игеріп алып, мен метафизикаға (үйренуге) қайта бет бұрдым және “Метафизика” кітабын оқып шықтым, алайда онан ешнәрсе түсінбедім және оны жазушының мақсаты маған жұмбақ күйінде қалды. Мен оны қырық мәрте қайта оқып шықтым және оны жаттап алдым, бірақ мұның барлығында да не оны, не оның көздеген мақсатын түсінбедім. Шарасыздықтан мен өзімше ұйғардым: “Бұл кітапты ұғынудың еш жолы жоқ! Бірақ бірде мен түстен кейін (базарға) кітап түптеушілерге бардым. Бір саудагер-делдал қолына бір кітапты ұстап алып, оны дауыстап мақтап тұрды... Мен оны сатып алдым. Бұл Әбу Насыр әл-Фарабидің “Метафизика кітабының мақсаттары туралы” деп аталатын шығармасы екен. Үйге келісімен мен оны оқып шығуға асықтым және сол кезде мен басынан аяғына дейін жаттап алған сол кітаптың мақсаты алдымнан шыға келді”<sup>8</sup>.

Ибн Синаның философиялық көзқарасына әл-Фарабидің ықпалын білдіретін хрестоматиялық куәлікке айналып кеткен бұл үзінді екі ойшылдың философиялық идеяларының сабақтастық байланысын түсіндіру үшін, сондай-ақ олардың исламдық ортағасырлардың рухани мәдениеті қалыптасуындағы маңызын ұғыну үшін қазіргі таным жетекшілікке алатын әдіснамалық құрал қызметін атқарады. Әл-Фараби мен Ибн Сина көзқарастарының сабақтастық сызығын көптеген өлшемдерден (параметр-

лерден) аңғаруға болады: логикасы мен натурфилософиясынан, саяси-әлеуметтік және гносеологиялық (танымдық) көзқарастарынан және т.б. Ең алдымен, тарихи объективтілік тұрғысынан маңызды болып табылатын Шығыс перипатетиктерінің рухани мұрасында сабақтастық байланыс пен идеялық бірлік айқын аңғарылатын – болмыстың бастапқы түпнегізі ретіндегі Құдай мәселесіне тоқталайық.

Нақты (потенциалды) болмыс пен өзекті (актуалды) болмыс ретіндегі материя мен форма туралы аристотельдік ілімге сүйене отырып, әл-Фараби Құдайды өзекті форма ретінде қарастырады және оны ойшыл “Қажетті Мәнділік”, “Бірінші Мәнділік”, “Бастапқы түпнегіз” және т.б. атайды. Оның болмысынан кемел және лайықты болмыстың болуы мүмкін емес, – деп толғайды әл-Фараби, – сондай-ақ Онан алдыңғы, болмыс бойынша онымен бір сатыда тұратын Онан дербес мәнділіктің де болуы мүмкін емес... Оның болмысы бірден артық бола алмайды, өйткені мұндай өмірі барлардың бәрі Оның болмысына ұқсас болып кетер еді”<sup>9</sup>.

Бастапқы түпнегізді, оның атрибуттары мен “атауларын” негіздей отырып, әл-Фараби ислам мәдениетінде қалыптасқан дәстүрді – тафсир практикасын жалғастырады. Қалам дәстүрімен қатар өмір сүрген перипатетизм өзгеріс пен қозғалыс себептерін іздеудің бастапқы негіздерін көрсете отырып, мутакаллимдердің рухани ізденістерін қабылдайды. Әлемде өмір сүретіннің барлығы себеп-салдарлық байланыс арқылы түсіндіріледі, өйткені затты білу оның себебін білуді білдіреді. Сондықтан бүкіл әлем себеп-салдарлық байланыстардың тізбегі арқылы реттеледі. Болмысты реттеу ісіндегі мұндай әдіснамалық сұранысты себеп-салдарлық байланыстың кезекті қатары ретінде әл-Фараби ұсынған эманацияның неоплатондық теориясы қанағаттандыра алар еді.

Әлемнің құрылымдық ұйымдасуын түсіндірудегі неоплатондық эманациялық принцип ортағасырлық философқа бұл процестің “бір сәттік” еместігін, керісінше оның “эволюциялық” екендігін түсіндіруге мүмкіндік берді. Бұл үстемдік етуші дүниетанымның шеңберінен шықпай, исламдық монотеизммен бірге философиялық ізденіс жасауға мүмкіндік беретін келісімдік нұсқа болды. Және ол өзінің жемістілігін де көрсетті, өйткені оны кейінірек “жаратылыстанушы” Ибн Сина да, мұсылмандық ортағасырлар дәуіріндегі ғылыми бөлімнің өзге өкілдері де мойындады.

Әл-Фарабидің әлемдік картинасы жаратылған әлемнің терең онтологиясын Бастапқы түпнегіздің жаратылысы ретіндегі сезіммен қабылданатын әлемді Екінші себептен де, әрекетшіл ақыл-ойдан да шығаруға тырысады. Әр бөліктерге бөлінген сатыларға қарамастан, әлем біртұтас және оның біртұтас болатын себебі ол Қажетті мәнділіктен туындайды. Әл-Фараби

былай деп жазады: “... болмыстар өз сатысына қарай Онан туындаған кезде көпшілік нәрселер бір жүйе құрайтындай және біртұтас болмыс құрайтындай болып бір-бірімен бірігеді, қосылады және реттеледі”<sup>10</sup>.

Өмір, Ақыл-ой, Ізгілік және тағы басқа болып неоплатондық теориядағы Бастапқы мәнділіктен әлемнің барлық көріністері құдіретті мәңгілікке ие болады. Өйткені “Оның болмысы күйін өзгерте отырып өзгелерге (болмыстарға) және олардың субстанцияларына өмір береді”<sup>11</sup>.

Алғашқы Ақыл-ой ретіндегі Құдай концепциясынан Құдай мен адамның ақылдылық белгісі бойынша бірімәнді екендігі туралы тұжырым келіп шығады. Мұны әл-Фараби өзінің “төрт интеллект” концепциясында бекітуге тырысады.

Ибн Сина әл-Фарабидің бағыты мен дәлелдеу тәсілін “соңғы мәселелерді”, яғни барлық мәнділіктердің себебін зерттеу барысында қолданды. Онтологиялық проблематиканың қойылуың, негіздеудің, дәлелдеудің және оның шешілуінің жүйесін Ибн Сина фарабилік тәсілдің ағымында жүзеге асырады. Алайда айырмашылықтар да бар. Ол туралы А.В.Сагадеев және М.М.Диноршоев баяндайды, мысалы: А.В.Сагадеев аш-Шейх ар-Раистың онтологиялық концепциясын қарастыра отырып: “...Ең алдымен әл-Фарабидің “Екінші ілім” атты трактатының біздің заманымызға дейін жетпеуі Ибн Синаның болмыс туралы көзқарастарының қаншалықты төлтумалы және дербес екендігін немесе оның қаншалықты әл-Фараби ұстанымы мен дәлелдемелерінің жалғасы екендігі туралы дөп басып, шынайы айтып беруге мүмкіндік бермейді”, – деп жазады<sup>12</sup>.

Осы тұрғыдан алғанда, Ибн Синаның ақиқаттылық пен мәнділік синоним ұғымдар дегені әл-Фараби идеяларымен үндес немесе соған жақын. Өйткені Ибн Синаның айтуынша, зерттеудің пәнін жасайтын жаратылыс-танушы-физик үшін “дене”, яғни заттық әлем, заттардың болмысы оның өз-өзіне сәйкес келуі болып табылады, бұл екеуі бір. Бұл жерде субъективтілік пен предикативтілік болмайды. Ал айырмашылық пікірді “ақиқаттылық және мәнділік – синонимдер” деп екі өзара байланысты бөліктерге бөлінуші ретінде қарастыратын және соған сәйкес ақиқат және жалған болуы мүмкін деп қарастыратын үрдіс логиктер үшін ғана өмір сүреді. Сол сияқты әл-Фарабидің “Әріптер кітабында” түсіндіргеніндей, ұғымдағы анықтама бойынша мәнділік терминологияда, тілде әр түрлі анықтамалармен беріле алады, өйткені деңгейі бар нәрсе ретінде түсіндіріледі. Сондықтан “болады”, “болып табылады”, “өмір сүреді” дегендер әртүрлі беріледі.

Әл-Фарабидің эманациялық концепциясы Ибн Синаның онтологиялық көзқарастарының негізіне жатты, бірақ Ибн Синаның туындаушылық туралы ілімінде әл-Фарабидің әлем картинасында орын алатын эманацияның

“соңғы” буыны – “материя” кездеспейді. А.В.Сагадеевтің пысықтап дәлелдеуінше, мұндай “ұмытшақтық” немесе Ибн Сина бойынша, эманациялық процестен материяны алып тастау әл-Фараби концепциясын қабылдамаудың нәтижесі емес, керісінше, әуел бастан бастапқы материя ретінде өз-өзінен болатын орнықтылық, оның құдіретті субстанциямен бірге мәңгілігін мойындау<sup>13</sup>.

Ибн Синаның Бұқара әміршісі Ибн Мансұр Саманидің кітапханасында сақталған Екінші Ұстаздың неғұрлым толық шығармалар жинағымен таныс болғандығынан байқалатын және кейінгі құрастырушылардың мәліметінше, аш-Шейх ар-Раистың “аш-Шифа” энциклопедиялық еңбегінің көбіне Фарабидің “Ат-талим ас-Сани” еңбегіне сүйенгенін ескергенде әл-Фарабидің Ибн Синаға ықпалы туралы пікірмен келісе отырып, М.Диноршоев аристотелизм идеяларын орнықтыруда Ибн Сина анағұрлым жүйелі болды деп есептейді. Оның пікірінше, егер әл-Фарабидің философиясы оның “Құдіретті Платон мен Аристотель көзқарастарының ортақтығы туралы” деген трактатында айқындалатындай, Платон мен Аристотельдің ұстанымдарын жақындастырса, ал Ибн Синаның философиясы “онтологиялық және гносеологиялық мәселелердің кең көлемі” бойынша Платонды сынау дәуірін білдіреді<sup>14</sup>, яғни оның философиялық ілімі платонизмнің ықпалынан тазартылған өзіндік аристотелизмді білдіреді. Алайда мұндай пікірлерді біз әл-Фараби философиясына қатысты да, оның үстіне дәл осы онтология мәселелеріне қатысты кездестіреміз<sup>15</sup>.

Онан өзге, М.Диноршоев мұнан басқа да айырмашылықтарға назар аударады: әл-Фарабидің философиясындағы көп жағдайларда тезистер түрінде берілетін қағидалардың қысқа әрі нұсқалығы Ибн Синада энциклопедиялық түсінікке айналады; әл-Фарабиде негіз ретінде ілімнің өзіндік жүйесі ретінде берілген нәрсе кейінірек Ибн Синада теорияға айналады. Алайда, М.Диноршоев Аристотельдің идеяларын дамытатын болмыс туралы ілімнің негізгі іргетасы екі ойшылдың философиясында да біртұтас принцип пен тәсіл ретінде пайдаланатындығын мойындайды. Демек, философиялық білімінің сабақтастығы туралы айтуға толық негіз бар.

Әл-Фараби мен Ибн Сина идеяларының қабылдану, тарату және сабақтастық сызығын әл-Бирунидің шығармашылығынан да аңғаруға болады. Зерттеушілердің ұйғарымы бойынша, ортағасырлық араб математикасының орасан зор маңызы санау ұғымы, бір жағынан ортағасырлықтың терең рәмізділігін білдірсе, екінші жағынан, араб математикасының “нөл” ұғымын енгізуінен көрінетін “ешнәрсе” нақтылығының мәселесін қоюды ашты. Бұл ұғым сандық түсінік ретінде, шектілік пен шексіздіктің, түгесілу мен түгесілмеушіліктің тұтастығын білдіретін ұғым ретінде қарастырылды.

К.М.Сатыбалдина атап өткендей, мәселенің осылайша қойылуы мұсылмандық ортағасырлық ғылымда өзекті шексіздікті түсіндірудің нәтижесінде негізі қаланды және көбіне дүниетанымдық қондырғымен анықталды<sup>16</sup>. Ол аспан кеңістігі мен жер кеңістігінің қарама-қарсылығы туралы аристотельдік принципке қатысты әл-Фарабидің күмән келтіруін алға тартады. Бұл идея оның әрі қарай әлемнің әр алуандылығы, ғаламның принципиалды біртектілігі мен оның тұтастығы идеясы ретіндегі себепке орай Ибн Синаның Бирунимен жүргізген пікірталасында қорытындыланды. Бұл Ибн Сина көзқарастарының монизмге жақын үрдісін байқатады. Әл-Фарабидің идеясы өзінің жемістілігін көрсетті, өйткені түсіндірудің екі принципін жіктеудің бастапқы негізін қарауға ықпал етті: монизм тұрғысынан және плюрализм тұрғысынан. Алуан түрлі әлемдердің өмір сүру туралы ұйғарым Птолемей теориясының негіздерін бұзатын Бирунидің болжамдарына ұласты. Бұл космологиялық концепцияларда өзекті шексіздіктің нақты шексіздікпен жақын байланысын мойындау үрдісі аңғарылады. Математиканың онан арғы дамуы барысында бұл идея өзінің жемісін Б.Больцано мен Г.Кантордың көпшілік теориясының мүмкіндіктерімен көрсетті.

Осылайша, әл-Фараби мен Ибн Синаның онтологиялық проблематикасы космологиялық мәселелермен өзара тығыз байланысты болып шықты, шығыс перепатетизмі философияның дүниетанымдық принциптері ғылыми таным әдіснамасында қолданыс табатын жаратылыстанымдық – ғылыми тәсілдермен және принциптермен біте қайнасып кетті. Ибн Синаның метафизикасы Құдай мен материалды әлемнің мәңгі тұтастығы идеясын дәлелдейді. Егер әл-Фараби ортағасырлық исламдық Шығыста алғашқылардың бірі болып эманация теориясының көмегімен Құдай мен материалды әлемнің мәңгі тұтастығы идеясын жарияласа, ал Ибн Сина өзінің физика саласындағы ізденістері арқылы, табиғат әлемін терең зерттеу нәтижесінде бұл идеяны онан әрі орнықтырды. Бұл Ибн Сина шығармашылығын зерттеушілерге осы ойшылдың дүниетанымдық бағдарындағы деизм туралы қорытындыға келуге мүмкіндік берді.

Әбу Әли Ибн Сина Құдай мен сезіммен қабылданатын әлемнің басты тұтастығы идеясын негіздеу жүйесі арқылы дәлелдейді. Онда Құдай болмысының абсолюттілігі бекітіледі және оның мәні оның өмір сүруімен сәйкес келеді, сондай-ақ оның қажеттілігі бекітіледі. Сондықтан Ибн Сина оны Қажетті мән деп атайды. Оған болмысы бойынша жекелеген нәрселер қарсы тұрады, олардың болмысы өмір сүрумен (болумен) сәйкес келмейді, олар қажетті емес, мүмкіндікті, өйткені олардың өмір сүруі де, өмір сүрмеуі де мүмкін. Бірақ нақты нәрселердің болмысының көпшілігі бар, сондықтан

мұндай алуан түрлілік тұтастықтан және абсолюттіліктен қалайша туындайды және ол алуан түрлілік өзінің әрбір көрінісінде онымен қалайша өзара байланысты деген сұрақ келіп шығады. Ибн Сина өзінің бұл сұрақтарға жауап табу ұмтылысында әл-Фараби қолданған эманация концепциясына сүйенеді, бірақ жоғарыда айтып өткендей, неоплатонизм бойынша Құдайға тән күдіретті болмыстың деградациясының (бұзылуының) соңғы сатысы болып табылатын, эманация шеңберінен тыс, ешқандай болмысы жоқ деп түсіндірілетін материяны басқаша қарастырды. Ол материяны онсыз ешқандай акт, ешқандай зат бола алмайтын, болмыстың әмбебап (универсалды) мүмкіндігі ретінде түсіндіреді. Егер заттық (нәрселік) әлем өзекті (актуалды) болуы мүмкін мәнділікті, потенциалды болмысты білдірсе, онда материяның алдыңғы өмір сүруін, демек, оның мәңгілік өмірін мойындау қажет. Осылайша, ол материяға Құдаймен мәңгі тұтас универсалды жағдай ретіндегі оның түсінігінің өзге статусын берді.

Ибн Сина Қажетті мәннің нақты алуан түрлі нәрселер әлемімен өзара байланысын және өзара әрекетін мүмкін және қажетті болмыстың мәселелерін шешу арқылы, барлық нәрселерді тудырушы қажетті себеп ретіндегі Қажетті мәнді, оның тұтастығын, күдіреттілігін, білімділігін, қайырымдылығын және т.б. түсіндіру арқылы ашады. Араб-мұсылман философиясындағы шығыстық-перипатетистік бағыттың түпкі пантеистік қондырғылары дамытыла отырып, дәлелдеуші білімге, пайымдаушы пікірлерге мүмкіндік беретін танымның басты құралы ретіндегі логиканы қолданудың нәтижесінде детерминизм дәлелдеуші тәсілге айналады.

Ибн Синаның детерминистік түйіндері әлемнің уақыт ағымында жаратылмағаны туралы тоқтамның негізіне жатты. Осы мәселеге қатысты оның мынадай дәлелін мысалға келтіруге болады: Құдай әрқашанда өзекті болмыс. Егер ол сондай болса, оның жаратқаны да сондай болуы тиіс, онсыз біз сондай емес нәрсені, өзге себепті, ал осы себеп үшін өзге себепті және әрі қарай, шексіздікке дейін себептер іздеуге мәжбүр болар едік. Алайда бұл мүмкін емес. Оның үстіне, егер әлем Құдайдың еркімен жаратылса, онда ол үшін белгілі бір сәт таңдалынуы тиіс. Бірақ уақыттың әрбір сәті уақыттың өзге сәтінен еш ерекшеленбейді, сондықтан уақыттың бір сәтіне өзге сәтінен басымдылық беретіндей ештеңе жоқ. Сондықтан әлем әуел бастапқы. Сезіммен қабылданатын әлемнің мәңгілігі, әуел бастапқылығы туралы көзқарасқа әкелетін Ибн Синаның рационалистік дәлелі осындай. Бұл түйіндер, А.В.Сагадеевтің айтуынша, ортағасырлық исламдық Шығыста Иоанн Филопонның ““Әлемнің мәңгілігі туралы” трактатындағы мазмұндама бойынша танымал болған неоплатоник Проклдың дәлелдемелерін белгілі